



НӨМІР НӘЛІ

16 Өткен жылы Қызылорда облысы бойынша осынша бала терезеден құлап кеткен

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеуімбетовпен бірге Қызылорда қаласындағы «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылын, Әбілқайырхан көшесінен Саламатов көшесіне дейін қайта жаңғырту жұмыстарының барысын тексерді.

Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті нығайтылып, аталған даңғылдың 6,7 шақырымын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталуға жақын. Мердігер мекеме «УАД» ЖШС кеңейтілетін аумаққа асфальт төседі. Сонымен қатар, Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті тазаланып, 1,4 шақырымға жуық дамба нығайтылды, 1,4 шақырым тіреу қабырғасы тұрғызылды. Нысанды жақын уақытта аяқтау жоспарлануда.

Әбілқайырхан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі жол құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Ұзындығы 2,9 шақырым, қазіргі таңда 2,4 шақырымының астыңғы қабаты тазалап ашылды, ал 2 шақырым аумаққа тірек қабырғалары құйылуда. Еске салайық, өткен жылы аймақтың жол инфрақұрылымын дамытуға қаржы бөлініп, 300 шақырымнан астам жол жөнделді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асты. Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жалғасуда.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ОБЛЫС ӘКІМІ ХАЛЫҚ ӘРТІСІ ДОСХАН ЖОЛЖАҚСЫНОВПЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстанның Халық әртісі, Қырғыз Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың және «Құрмет» орденінің иегері Досхан Жолжақсынов және жұбайы Қарагөз Сүлейменовамен кездесті.



Басқосуда аймақ басшысы Сыр еліне гастрольдік сапармен келген өнер иесіне алғысын білдіріп, мәдениет пен руханият саласындағы жұмыстарға тоқталды. Айта кетейік, 12-15 мамыр аралығында Қызылорда облысында «Алатау» дәстүрлі өнер театрының гастрольдік сапары өтеді. Досхан Жолжақсынов пен Қарагөз Сүлейменова бастап келген өнер сапарына 80-нен астам әртіс қатысуда.

«Алатау» Орталық Азиядағы жалғыз дәстүрлі өнер театры ретінде қазақ классиктерінің шығармаларын сахналап, саф өнерді жоғары белеске көтеріп келеді. Қазақ жерінде қалыптасқан әншілік, күйшілік, жыршылық мектептерді әрі қарай дамытып, насихаттаумен де жүйелі түрде айналысады. Театр ұжымы ауқымды шараларымен, жаңа премьераларымен халықаралық шараларға қатысып, еліміздегі және халықаралық мәдени байланыстарға, ұлттық өнер саласына елеулі үлес қосты. Театр туындылары Қызылорда қаласында, Шиелі және Жанакорған аудандарында қойылады деп жоспарлануда.

272 БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫ ЖҰМЫС ЖАСАУДА

Елімізде экологиялық жағдайды жақсартуда заманауи әрі қолжетімді озық технологиялар енгізілуде. Полиция департаменті экологиялық мәдениетті сақтау және қоғамдық тәртіпті күшейтуге қатысты цифрлық жобаларды енгізуде.

Полицейлер Қызылорда қаласындағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық орындарды лақтау фактілерін анықтау мақсатында Жедел басқару орталығы арқылы 272 дана бейнебақылау камерасымен жұмыс жасауда.

Енді департамент экологиялық құқық бұзушылықты алдын алуға мүмкіндік беретін камералар желісін көбейтуді жоспарлап отыр.

Тәртіп сақшылары облыс көлеміндегі елді мекендерде қалдықтарды жою, абағтандыру қағидаларын бұзудың алдын алу бойынша тиісті профилактикалық шаралар ұйымдастыруда. Оның ішінде ортақ пайдалану орындарын лақтау, абағтандыру қағидаларын бұзу, стихиялық қоқыс орындарын және олардың пайда болу көздерін анықтау және алдын алу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Жыл басынан бері полицейлер аталған бағытта 5508 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Қоғамдық тәртіпті сақтау саласында өңірде жасанды интелект элементтері кеңінен қолданылуда.

Полиция басқармасы Жедел

басқару орталығының 40 дана бейнебақылау камерасына пилоттық режимде жаңа жүйе орнатылды. Бұл бейнебақылау камераларының бейне ағынын өңдеуді және талдауға мүмкіндік береді.

«Жыл соңына дейін облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, тұрғындардың қауіпсіздігі мен қала тазалығын қамтамасыз ету мақсатында 1400 бейнебақылау камерасы орнатылып, жасанды интелектісі бар жаңа жүйе арқылы қоғамдық орындарды лақтау фактісін автоматты түрде анықтау функциясы толық іске қосылады» дейді Қызылорда облысының Полиция департаменті бастығының орынбасары Ибадулла Сабит Ибадуллаұлы.

Еске салайық, республикада алғаш рет облыс әкімі қолдауымен 2024 жылы барлық 7 аудан орталығына 539 бейнебақылау камерасы орнатылып, аудандық Полиция бөлімдеріне жаңадан кіші жедел басқару орталықтары қолданысқа берілген. Яғни, тұрғындардың қауіпсіздігі мен тазалықты қамтамасыз ету мақсатында әр аудан орталықтарыда бейнебақылаумен жұмыс жасауда.



БИЗНЕС ИДЕЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ӨТІНІШТЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ

21 мамырдан бастап I-лек бойынша жаңа бизнес идеяларды іске асыруға грант алуға өтініштер қабылданады.


Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәліметінше, республика бойынша бірінші лекте 4 500 адамға грант беру

жоспарланып отыр. Өтініш Business.enbek.kz порталында қабылданады.

Гранттар қайтарымсыз негізде беріледі, негізгі мақсаты - жаңа бизнесті бастау және дамыту. Гранттың мөлшері - 400 АЕК (1 572 800 теңге). Әр қатысушы оны тек бір рет ала

алады.

«Грант ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге бизнес әлеуетін арттыруға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», - деп жазылған хабарламада.




«ЖАСӨСПІРІМ» ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ

Аймақта 10 сәуір мен 6 мамыр аралығында өткізілген «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы қорытындыланды. Бұл шараның негізгі мақсаты - көмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ заңды өкілдерінің қарауынсыз жүрген жасөспірімдерді анықтау болды. Шараның қорытындысын облыстық полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Рауан Әлдешов хабарлады.

- Облыс көлемінде өткізілген «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасының қорытындысы бойынша көмелетке толмағандарға қатысты барлығы 1231 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, хаттамалар рәсімделді. Жасөспірімдерге қатысты анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтарға тоқталсам, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабы бойынша, яғни ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамағаны

үшін барлығы 117 ата-анаға әкімшілік хаттама толтырылды. Көмелет жасқа толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту жөніндегі өздерінің міндеттерін орындамайтын, олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін көмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдері профилактикалық есепке алынды. Барлығы 33 ата-ана тіркелді. Көмелет жасқа толмағандар мен оларға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар өз жалғасын табууда, - деді Рауан Қырымұлы.



КІРПІШ ЗАУЫТЫ ЖАҚЫН КҮНДЕРІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Өндіріс» индустриялық аймағындағы заманауи кірпіш зауытының құрылыс барысымен танысты.


«Қызылорда Саз М» ЖШС кірпіш зауытын орналастыру үшін өңірлік үйлестіру кеңесінің шешімімен 7 гектар жер телімі бөлінген. Зауыттың құрылыс жұмыстары 98% аяқталды. Жабдыктарды монтаждау жұмыстары 100% орындалды.

Әкімшілік-тұрмыстық ғимараттың құрылысы 80% біткен, сырты қапталып болды. Қазір аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Мұнда негізгі техникалық

құрылғылар орнатылып, өндіріс процесі автоматтандырылып, баптау жұмыстары жүргізілуде.

Зауыт іске қосылғаннан кейін жылына 90 миллион дана кірпіш өндіреді деп күтілуде, 70 адам жұмыспен қамтылмақ. Бұл кірпіш зауытының басты ерекшелігі – өндіріс толық автоматтандырылған. Жаңа технологиялар өндіріс тиімділігін арттырып, өнім сапасын жоғары деңгейде сақтауға мүмкіндік береді.

АСПАЛЫ КӨПІР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерекесінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал ауданында теміржол арқылы өтетін аспалы көпір ашылды. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Саржанов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен және жаңа көпірдің ашылуымен құттықтады.

«Бүгінгі мерейлі мерекеде құны 3 млрд 140 млн теңге, ұзындығы 940 метр болатын аспалы көпірді салтанатты түрде ашып, ел игілігіне табыстаймыз. Бұл – аралдық ағайынның көптен күткен арманы! Бұрын пойыз өткенде теміржолдың екі бетіндегі көліктер кептелісте сағаттап күтетін. Жергілікті тұрғындардың

ұзақ жылдан бері қордаланған басты мәселесінің оң шешім табуы – біз үшін үлкен жетістік әрі мақтаныш. Аспалы көпірге жаяу жүргіншілер жолы, түнгі жарықшамдар орнатылды. Жаңа көпір – Аралдың болашағына жол ашатын, ел игілігіне қызмет ететін алтын көпірге айналсын! Баршаңызға амандық, жасампаз істерімізге толағай табыс тілеймін!» – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетұлы құттықтау сөз сөйлеп, мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Саржанов батасын берді. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ, аспалы көпірді салған мердігер мекеме қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Айта кетейік, Арал ауданы кейінгі жылдары қарқынды дамып келеді. Екі жыл бұрын аудан бюджеті 10,1 млрд теңге болса, бүгінде 22 млрд теңгенен асты. Үш жыл ішінде 80 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды. Осы кезеңде 80 шақырым ауыз су желісі жаңартылып, халықтың 96 пайызы таза ауыз сумен қамтылды. Сонымен қатар, тұрғындардың 71 пайызы

«көгілдір отынның» игілігін көруде. Аралдың Сыр беткейіндегі елді мекендерді газдандыру мақсатында «Қамыстыбас» ауылында автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысы басталды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған 10 мектептің 2-еуі Арал ауданында бой көтерді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен 3 амбулатория пайдалануға берілді. Сонымен қатар, құны 4,1 млрд теңге болатын аудандық аурухананың қосымша ғимараты мен жұқпалы аурулар бөлімшесінің құрылысы басталды. Облыстық бюджет есебінен «Сексеуіл» кентінде 40 төсектік аурухана ашылды. Жақын күндері Арал қаласында «Руханият орталығы» мен «Қамқорлық» оналту орталығы іске қосылмақ.

САБАНТОЙ МЕРЕКЕСІ ӨТТІ



Қызылордада облыстық татар этномәдени бірлестігі жиымасыншы рет Сабантойды тойлады. Бұл туралы облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы хабарлады.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов бұл ынтымақ пен бірлік мейрамы екенін атап өтті. - Осындай жарқын мерекеге бірге куә болу, біз үшін үлкен қуаныш. Баршаңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін. Сабантой құтты болсын, - деді ол.

Этномәдени бірлестік төрағасы Галия Гизатуллина Сабантой еңбек мерекесі ғана емес, ұлттың рухани болмысын, бай мәдениетін, татулық

пен өзара сыйластықты паш ететін ерекше күн екенін жеткізді. Мерекелік думанда өнерпаздар татардың ұлттық әні мен биін көпшілік назарына ұсынды. «Сарман» вокал тобы, «Жасмин» бишілер тобы, сондай-ақ Татарстаннан арнайы келген конактар Ильнур Еникеев пен Алина Ахметшина өз өнерімен көрермендерді тәнті етті. Халық ойындары мен спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Айта кетейік, Қызылордада этномәдени ұйымның онкүндігі өтіп жатыр. Онкүндік аясында бұған дейін алғаш рет «Тақиядағы жүгіріс» сайысы өтті. Қатысушылар татардың ұлттық бас киімі - тақияны киіп, 500 метрден 1000 шақырымға дейінгі аралыққа жүгірді.

БІРҚАТАР ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Облыс әкімінің мәжілісінде көтерілген «Көктемгі егіс жұмыстарының барысы және вегетациялық кезеңнің өтуі туралы» және «Суға шомылу маусымы» мәселелері бойынша шаһар басшысы Нұржан Ахатов жиын өткізіп, тиісті сала жетекшілеріне бірқатар тапсырмалар жүктеді.



Биылғы жылы қала бойынша 8 709 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылуда. Негізгі дақыл күріш 3 689, бидай 118, картоп 130, көкөніс 1 329, бақша 990 және мал азықтық дақыл 2 453 гектарға егілуде. Көктемгі дала жұмыстарына 150-ден астам ауыл шаруашылығы техникасы жұмылдырылуда.

Қала әкімі Нұржан Сәбитұлы сала басшысына егінге сууды тиімді пайдалануды, жанар-жағар май мен минералды тыңайтқыштардың уақытылы және толық алынуын қамтамасыз

етуді тапсырды.

Қала аумағындағы су айдындарында, Сырдария өзенінде жыл сайын азаматтардың түрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырауы - қауіпсіздік ережелерінің өрескел бұзылуы мен белгіленбеген жерлерге суға түсуден болып отыр. Әсіресе, шомылу мезгілінде балалардың қауіпсіздігі қатаң қадағалауды қажет етеді. Шаһар басшысы тиісті салаларға рейдтік шараларды күшейтіп, тұрғындарға судағы қауіпсіздік туралы насихат жұмыстарын күнделікті жүргізуді міндеттеді.

СОТ АКТИЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Арал аудандық сотының төрағасы Р.Алдамбергеновтың төрағалық етуімен «Сот актілерінің орындалуы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Шараға аудандық соттың судьясы А.Асанхан, сот әкімшісінің басшысы З.Сермағамбетова, сондай-ақ мемлекеттік және жеке сот орындаушылары қатысты.

Сот төрағасы Р.Алдамбергенов шараны ашып, сот билігінің беделі сот актілерін шығаруы кезінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының қаншалықты қорғалғанына, сонымен қатар осы сот актілерінің қаншалықты толық және уақытылы орындалғанына байланысты екенін айтып, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот актілерін уақытылы орындау мәселелеріне тоқталды. Сондай-ақ, орындалмаған сот актілерінің істері соттың үнемі бақылауында екенін тілге тиек етіп, оларды тізім бойынша атап өтті.

Бұдан соң шараға қатысушылар атқарушылық іс-әрекеттердің жекелеген түрлерін реттейтін заңнаманы қолданудың тәртібін, түрлі санаттағы атқарушылық іс жүргізу бойынша пайда болатын мәселелерді және оларды шешу мүмкіндіктерін, өзара ынтымақтастық жолдарын талқылады.

Шараны қорытындылай келе, сот төрағасы дөңгелек үстелге қатысушыларға сот актілерін уақытылы орындау мәселелері бойынша жұмыстарға бақылауды күшейтуді ұсынды.

Арал аудандық соты



ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР БАСТАЛДЫ

Қармақшы аудан әкімі Жандос Еркінбектің қатысуымен спорт әлеміне өзіндік үлес қосқан талантты спортшы Әсет Сүлейменовті еске алуға арналған дзюдо күресінен жасөспірімдер арасындағы облыстық турнирдің ашылу рәсімі өтті.

Аудан басшысы қатысушыларға сәттілік тілеп, өңірдің спорт саласындағы ауқымды жұмыстарға тоқталды.

- Жүз жыраудың мекені, түбі бір түркінің ортақ тұлғасы Қорқыт баба жатқан Қасиетті Қармақшыға қош келдіңіздер! Баршаңызды талантты спортшы Әсет Сүлейменовті еске алуға арналған дзюдо күресінен облыстық турнирдің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда «Спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәрiптeу – ұлт саулығының кепiлi», – деген болатын.

Ауданымызда соңғы 2 жылда аймақ басшысының қолдауымен 4 спорт кешені салынып, іске

қосылды. Өткен жылы Жосалы кенті, Т.Көмекбаев, Қуандария, Ақжар, Иіркөл және Төребай би ауылдық округтерінде балаларға арналған спорт және ойын алаңдары салынса, биыл Жосалы, Төретам кенттері мен ІІІ Интернационал ауылында салу жоспарлануда.

Айта кетейік, Әсет Сүлейменов 1969 жылы дүниеге келген. Ол өзінің қайсарлығы мен дарындылығының арқасында көптеген республикалық додаларда жүлделі орыннан көрініп, «КСРО спорт шеберіне үміткер» спорттық атағына ие болған. 1986 жылы еңбек жолын аудандық спорт мектебінде жаттықтырушы болып бастаған ол кейіннен ішкі істер органдарында абыройлы қызмет етті.

САЙТ ЗАБЛОКИРОВАН

71 САЙТ БҰҒАТТАЛДЫ

Қызылордада «Жасөспірім» республикалық жедел профилактикалық іс-шарасы қорытындыланды.

Облыстық Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының қолдауымен 42 жасөспірімнің көпшілік орындарды ластағаны, 23 жасөспірімнің бұзақылық жасағаны, 18 жасөспірімнің түнгі тыныштықты бұзғаны анықталды. Олардың заңды өкілдеріне шара қабылданды, – деді басқарма бастығының орынбасары Рауан Әлдешев.

Облыстық Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесі арқылы синтетикалық есірткі заттарын жарнамалайтын 71 сайтты, Қызылорда қалалық Полиция басқармасы адамды суицидке итермелейтін 1 ойынды (Ragdoll Games-Kick & Break) бұғаттады.

жасөспірімдерді қабылдаған 23 ойын-сауық нысанының иесіне қатысты әкімшілік шаралар қолданылды. 42 жасөспірімнің көпшілік орындарды ластағаны, 23 жасөспірімнің бұзақылық жасағаны, 18 жасөспірімнің түнгі тыныштықты бұзғаны анықталды. Олардың заңды өкілдеріне шара қабылданды, – деді басқарма бастығының орынбасары Рауан Әлдешев.

Облыстық Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесі арқылы синтетикалық есірткі заттарын жарнамалайтын 71 сайтты, Қызылорда қалалық Полиция басқармасы адамды суицидке итермелейтін 1 ойынды (Ragdoll Games-Kick & Break) бұғаттады.

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ руководителям и работникам предприятий промышленности, строительства, сельского хозяйства, транспорта и связи Кызылординской области

УМГ «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» предупреждает, что на территории Аральского, Казалинского, Кармакчинского, Сырдарьинского, Шиелинского и Жанакорганского района Кызылординской области проложены магистральные газопроводы«Ақшабулак-Кызылорда», «Бейнеу-Бозой-Шымкент», «Сарыарқа», компрессорные станции и газопровод-отводилиниями и сооружениями технологической связи, телемеханики и электрических сетей входящих в состав МГ, которые отмечены километровыми столбиками и предупредительными знаками.

Согласно Закон Республики Казахстан «О магистральном трубопроводе» и «Правилам охраны линии связи в Республике Казахстан», устанавливаются следующие охранные зоны:

- вдоль трассе магистрального трубопровода, транспортирующего природный газ – в виде земельного участка, ограниченного условными линиями, проходящими в 50 метрах от оси трубопровода с каждой стороны;
- вокруг компрессорных и газораспределительных станций – в виде земельного участка, ограниченного замкнутой линией, отстоящей от границ территорий указанных объектов на 100 метров во все стороны;
- вдоль трассы линии связи – в виде участка земли, ограниченного условными линиями, проходящими в 2 метрах от оси линии связи с каждой стороны.

Земли в пределах охранных зон магистральных трубопроводов имеют особый режим землепользования и у собственников земельных участков, землепользователей не изымаются.

Приложением-Б СП РК 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬНЫЕ ТРУБОПРОВОДЫ» установленыминимальные расстояния от трубопроводов до объектов.

ЗАПРЕЩАЕТСЯ:

В охранных зонах трубопроводов и линий связи запрещается производить всякого рода действия, могущие нарушить нормальную эксплуатацию трубопроводов и линий связи, либо привести к их повреждению, в частности:

- устройство переездов, грунтовых дорог и иных временных или постоянных транспортных пересечений трассы магистрального трубопровода и его охранный зоны без согласования с собственником магистрального трубопровода, места их размещения, порядка строительства, обустройства и использования;
- садоводство и лесоразведение, а также выполнение любых не согласованных с собственником магистрального трубопровода работ, кроме комплекса агротехнических работ для выращивания полевых сельскохозяйственных культур с пахотной глубиной не более тридцати пяти сантиметров;
- рекультивация дорог, обустроенных собственником магистрального трубопровода либо оператором, предназначенных для обслуживания магистрального трубопровода и обеспечения его физической защиты, а также воспрепятствование движению работников, выполняющих противопожарные и охранные функции на магистральном трубопроводе по этим дорогам, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан;
- возведение любых построек и сооружений;
- организация стоянок автомобильных транспортных средств, тракторов и механизмов;
- производство мелиоративных земляных работ, сооружение оросительных и осушительных систем;
- производство горных, строительных, монтажных и взрывных работ, планировка грунта без согласования с собственником магистрального трубопровода;
- производство геологосъемочных, поисковых, геодезических и других изыскательных работ, связанных с устройством скважин, шурфов и взятием проб грунта (кроме почвенных образцов).

В охранный зоне магистрального трубопровода и линии связи без письменного разрешения УМГ «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» запрещается проводить какие либо работы и действия

При необходимости выполнения любых работ и действий в охранный зоне магистрального газопровода с линиями и сооружениями

технологической связи, телемеханики и электрических сетей входящих в состав МГ, организации и граждане обязаны:

- получить от УМГ «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» письменное разрешение на производство работ в охранный зоне магистральных трубопроводов. Разрешение на производство работ может быть выдано только при условии наличия у производителя работ проектной и исполнительной документации, на которой нанесены действующие трубопроводы и линии связи;
- не позднее чем за 5 суток уведомить о времени производства работ, при которых необходимо присутствие представителей УМГ «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия»;
- выполнять работы с соблюдением условий, обеспечивающих сохранность трубопровода, линий и сооружений технологической связи, телемеханики и электрических сетей входящих в состав МГ и опознавательных знаков.

Сельскохозяйственные работы необходимо выполнять при строгом соблюдении правил обработки земли в охранный зоне (глубина обработки не более 0,3 м, направления обработки только перпендикулярно оси газопровода).

УМГ «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» имеет право приостановить работы, выполняемые с нарушением правил охраны магистральных трубопроводов и сетей телекоммуникаций, а также требований, указанных в разрешении на производство работ в охранный зоне.

Закон О магистральном трубопроводе, охраны линий связи и электрических сетей являются обязательными для исполнения местными органами власти и управления, а также другими предприятиями, производящими работы или какие-либо действия в районе прохождения трубопроводов.

Должностные лица и граждане, виновные в нарушении изложенных требований, закона, правил привлекаются к ответственности в установленном порядке.

По всем вопросам, касающимся вышеизложенного, следует обращаться по адресу: Управление Магистральных Газопроводов «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия», г. Кызылорда, микрорайон Арай, улица Сердалы Бекшораулы, здание 1, телефоны: Диспетчерская служба - 8 (7242) 30-11-17, 60-52-10, 8-771-285-1413 (круглосуточно).

Кызылорда облысының өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлеріне ЕСКЕРТУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Кызылорда» МГҚБ Кызылорда облысыныңАрал, Қазалы, Қармақшы, Сырдария, Шиелі, Жаңакорған аудандары аумағында километрлік бағаналармен және ескерту таңбаларымен белгіленген «Ақшабулак-Қызылорда»,«Бейнеу-Бозой-Шымкент», «Сарыарқа»жоғары қысымды газ құбырлары, компрессорлық станциялар және газ-бұрымы - бұрмалар жүргізілгендігін, МГҚұрамына кіретін технологиялық байланыс, телемеханика және электр желілерінің тармақтарымен және құрылыстарымен, АГТС орналасқанын ескертеді.

Қазақстан Республикасының«Магистральдық құбыр туралы» заңыжәне Қазақстан Республикасында «Байланыс желілерін күзету» ережелеріне сәйкес келесі күзету аймақтары:

- табиги газды тасымалдайтын магистральдық құбыр трассалары бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;
- байланыс желілерінің трассасы бойында - байланыс желісінің білігінен әр жағынан 2 метр қашықтықта орналасатын шартты сызықтармен шектелген жер телімі түрінде белгіленеді;
- компрессорлық және газ тарату станциялары төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады.

Магистральдық құбырлардың күзет аймақтары шегіндегі жерлер жер пайдаланудың ерекше режиміне ие және олар жер учаскелерінің меншік иелерінен, жер пайдаланушылардан алынбайды.

«Магистралды газ құбырлары» ҚР ЕЖ Б-Қосымшасында құбырдан

нысандарға дейінгі ең аз қашықтығы бекітілген.

ТҮЙІЙІМ САЛЫНАДЫ:

Құбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймағында құбыр желілерін және байланыс желілерін қалыпты пайдалануын бұзуы мүмкін, немесе олардың зақымдалуына әкелуі мүмкін кез-келген түрдегі әрекеттерді жүргізуге, атап айтқанда:

- өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға;
- бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісімеген кез келген жұмысты орындауға;
- магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;

- кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;
- автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;
- мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;
- магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

- ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Кызылорда» МГҚБ-ның жазбаша рұқсатынсыз магистральдыққұбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймақтарындакез-келген жұмыстарды және әрекеттерді орындауға тыйым салынады.

Магистральдыққұбыр желілерін, жоғары қысымды газ құбырлары-бұрмаларды, МГҚБ құрамына кіретін технологиялық байланыс, телемеханика және электр желілерінің тармақтарымен және құрылыстарымен КС және АГТС күзету аймағында кез-келген жұмыстарды және әрекеттерді орындау қажеттілігі туындағанда, ұйымдар және азаматтар мыналарға:

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Кызылорда» МГҚБ-дан магистральдыққұбыр желілерінің күзету аймағында жұмыстарды жүргізу үшін жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат тек қана, жұмысты жүргізудің қолданыстағы құбыр желілері мен байланыс желілері көрсетілген жобалық және атқарушылыққұжаттама болған жағдайда ғана беріледі.

5 тәуліктен кешіктірмей «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Кызылорда» МГҚБ өкілдерініңатысуы қажет етілетін жұмыстарды жүргізу уақыты туралы хабарлауға;

- жұмыстарды құбыр желісінің, МГҚБ құрамына кіретін технологиялық байланыс, телемеханика және электр желілерінің тармақтарының және құрылыстарының және айыру белгілерінің сақталуын қамтамасыз етіп орындауға міндетті.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуді күзету аймағында жерді өңдеу ережелерін қатаң сақтап орындау керек (өңдеу тереңдігі 0,3м аспайды, өңдеу бағытты газ құбырының білігіне тек перпендикулярлы түрде).

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Кызылорда» МГҚБ магистральдыққұбыр желілерін және телекоммуникация желілерін күзету ережелерін, сондай-ақ күзету аймағында жұмыстарды жүргізуге берілген рұқсатта көрсетілген талаптарды бұзумен орындалатын жұмыстарды тоқтатуға құқылы.

Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» заңы,«Байланыс желілерін және электрлік желілерді күзету» ережелері жергілікті билік және басқару органдарының, сондай-аққұбыр желілері өтетін аумақта жұмыстарды немесе қандай да бір әрекеттерді жүргізетін өзге де кәсіпорындардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Баяндалған талаптарды, ережелерді, заңды бұзуда кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда жазылғандарға қатысты барлық мәселелер жөнінде мынадай мекен-жайымызға хабарласу керек: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Кызылорда» Магистральдық Газ Құбырлары Басқармасы, Кызылорда қ., Арай шағын ауданы, СердалыБекшораулы көшесі, 1 ғимарат. Телефондар: Диспетчерлік қызмет - 8 (7242) 30-11-17, 60-52-10, 8-771-285-1413 (тәулік бойы).

«ШалқияЦинк ЛТД» акционерлік қоғамының тарифтік смета бойынша орындалуы туралы 2024 жылға арналған жылдық есебі

1. Қоғамның 2024 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша Қызмет көрсетуі мен өндірістік қажеттілікке қатысты шығындары, жалпы есеппен бекітілген тариф бойынша – 62 155,61 мың тенге, нақты орындалғаны 102 844,03 мың тенге. Соның ішінде:

- «Материалдық шығындар» - бекітілген смета бойынша 19 256,0 мың тенге, нақты орындалғаны 13 042,47 мың тенге;
- «Еңбекақы төлеу шығындары» - бекітілген смета бойынша 36 400,02 мың тенге болса, нақты орындалғаны 73 820,75 мың теңгені құрады.
- «Негізгі құралдар амортизациясы» - тарифтік сметада 384,0 мың тенгеге бекітілген, нақты – 739,07 мың теңгені құрайды;
- «Салықтар» смета бойынша 3 930,68 мың тенге, нақты орындалғаны 8990,94 мың теңгені құрады;
- «Кадрлар дайындау» - тарифтік сметада 120,0 мың тенгеге бекітілген, нақты – 144,10 мың теңгені құрайды;
- «АҚЖ сақтандыру» - тарифтік сметада 1 024,15 мың тенгеге бекітілген, нақты – 289,09 мың теңгені құрайды.
- «Арнайы киім және ЖҚЖ» - тарифтік сметада 1 040,76 мың тенгеге бекітілген, нақты – 716,01 теңгені құрайды;

Сонымен қатар, Қоғамның 2024 жылға жылдық Қызмет көрсету нәтижелері төмендегідей:

- «Қызмет көрсету мөлшері» - бекітілген смета бойынша 285580 ваг*км болса, нақты орындалғаны 368080 ваг*км.
- «Жалпы табыс» - бекітілген смета бойынша

62 155,61 мың тенге болса, нақты орындалғаны 60 436,14 мың тенге.

Реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін жалпы шығын 42 407,89 мың теңгені құрады.

Өндірістік шығындар көлемі - қызметтерді апаттық жағдайларсыз және сапалы беру мақсатында, өндірістік қажеттілікке байланысты материалдарға нарық бағасының өсуі, нақты амортизацияның ұлғаюы және жыл ішінде кірме жолдың қосалқы бөлшектерінің сатып алу рәсімдерінің кешігуі кері әсерін тигізуде.

2. Бекітілген тарифтік сметада шығындар 217,65 тенге тариф бойынша есептелінген. Уақытша өтемдік тарифтің (әрі қарай – УӨТ) енгізілуіне байланысты жылдың қорытындысы бойынша орташа бекітілген тариф 167,62 теңгені құрады, 01.01.2024ж - 01.08.2024ж, аралығында УӨТ - 160,47 тенге/ваг*км, 01.08.2024ж - 01.11.2024ж. аралығында 173,65 тенге/ваг*км және 01.11.2024ж - 31.12.2024ж. аралығында тариф - 168,74 тенге/ваг*км құрады, жыл қорытындысы бойынша нақты тариф – 279,41 тенге/ваг*км.

Қазіргі таңда, жөндеу жұмыстары, қажетті материалдар сатып алу порталы арқылы жарияланып, келісім шарттар жасалуда. Қаржыландыру көзі компанияның жеке қаражат есебі болып табылады. Ағымдағы жөндеу жұмыстары тоқтаусыз жүргізіліп жатыр.

Толық ақпаратты «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ-ның ресми сайтынан <https://zinc.kz/ru/> көре аласыздар.

«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ

«Кызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-нің мемлекеттік көрсетілетін қызметтері туралы

Мемлекет алдында қойылған негізгі міндеттердің бірі - халыққа бірдей қол жетімді, сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып, әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

- 1) көрсетілетін қызметті берушілер арқылы;
- 2) Мемлекеттік корпорация арқылы;
- 3) әріптестік ұйымдар арқылы;
- 4) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы;
- 5) стационарлық абоненттік құрылғы арқылы;
- 6) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы;

7) орталық мемлекеттік органдар айқындаған ақпараттандыру объектілері арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 01 қазандағы № 301 «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, «Кызылорда қаласының «Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ тарапынан жеке және заңды тұлғаларға 5 (бес) мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі. Атап айтсақ,

- жер учаскелерін нысаналы мақсатын өзертуге шешім беру;
- сауда-саттық (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;

- жер учаскесін жеке меншікке ақысыз бірден төлеп не бөліп төлеуге сату;

- жер учаскесін алу үшін кезекке қою;

- кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру.

Осы ретте, Мемлекеттік қызметті электронды нысанда алу үшін көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-ақ, «электрондық үкіметтің» веб-порталында (www.egov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелу қажет.

Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің ақпараттық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Кызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ Қарауылтөбе ауылдық клубы ғимаратында орналасуына байланысты Клуб ғимаратында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттық стендтермен жабдықталған. Ақпараттық стендтерде: мемлекеттік қызмет көрсету түрі, мерзімі, қажетті құжаттар тізбесі, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінде ұсынылатын құжат және т.б. ақпарат орналастырылған.

Сонымен қатар, ғимаратының 1-кабатында халықтың уақыттың тиімді пайдалану мақсатында «Өзін-өзі қызмет көрсету бұрышы» қарастырылып, «Өзін-өзі қызмет көрсету бұрышы» талапқа сай қажетті техникалық құралдармен (компьютер интернет желісіне қосылған, принтер, сканер, видеокамера, картридер) қамтамасыз етілген. Кызылорда қаласы, Қарауылтөбе ауылы, А. Құнанбаев көшесі №27.,8 (7242) 21-33-21.

Г. БИСЕНБАЕВА,

«Кызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-нің жетекші маманы



Қамшы – қазақ үшін баға жетпес құндылықтың бірі. Ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінде қамшының алар орны бөлек. Ол қазақ шаңырағына сен беретін бұйым немесе қару ғана емес, ер жігіттің серігі, сыйлықтың төресі. Бүгінде қамшыны мұражай сәресі мен ұлтын ұлықтаған үйдің төрінен ғана көре аламыз. Бұл құнды мұраның қадірін түсінетіндер мен оны жасаушылардың да қатары азаюда. Жаңалықты жатсынбай қабылдағанмен, атадәстүрден алыстап бара жатқанымыз жасырын емес. Халқымыздың әр салтының астарына үңілсек, терең мағына берері анық. Сондай-ақ әрбір қолданған бұйымның да өзіндік орны мен берер мағынасы болған. Қамшыны тек мал айдауға немесе жауынгерге арналған құрал деу ағаттық. Ерте заманда кең қолданысқа ие болғанын сақ дәуірінің мына бір мысалынан аңғарамыз. Нақтырақ тоқталсақ, сол заманда мына үш затты иемденген адам ғана патша болған. Олар – қылыш, тостаған және қамшы. Неге бұл заттар дерсіз? Оның да өзіндік сыры бар. Сол заманда қылыш – мықты жауынгерлікті, тостаған – діннен хабары болу керегін, ал қамшы – мал бағу, күту жайын жақсы меңгергенін білдірген. Осының барлығын меңгерген жан ғана патша сайланған.

Сан түрі мен сыры мол

Қамшы жасалуы мен қолданылуына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Оның әрқайсысының атқарар қызметі мен мақсаты, мағынасы бар. Негізінен сүңдет қамшы, неке қамшы, баптау қамшы, бөйге қамшы, соп қамшы, аңшы қамшы, көкпар қамшы, үйір қамшы, барымта қамшы, дойыр қамшы, ноғай қамшы, бөсіре қамшы деген түрлерімен танымал. Мұнан өзге де түрі болуы ықтимал. Ал өрімі таста санына қарай үш өрімнен басталып, қырық өрімге дейін барады. Көбінесе қамшыны екі жасар серке немесе құнан, өгіздің иіні қанған терісінен өріп дайындайды. Қамшының сабына келер болсақ, әдетте төрт-жеті тұтам аралығындағы ұзындықты қамтыған. Қамшы жасайтын адамды өрімші деп атаған. Халық арасында түрлі бояумен сәнделіп, өзгеше қамшы түрін жасайтын өрімшілер үлкен құрметке ие болған. Бір қарағанда көлемі шағын ғана

болғанымен қамшы бірнеше бөліктен тұрады. Олар сабы, өрімі, алақаны, бүлдіргісі, сақинасы, шашағы, өзегі, түйіні, шырмауығы. Халқымыз қамшы жасағанда сабына ерекше мән



берген. Оны

сирағынан немесе таутөкенің мүйізінен жасаған. Әсіресе, елік, киік сирағынан металмен, терімен мойнақтап, орам салып, шашақталған қамшылар өте жоғары бағаланған және оған көпшіліктің қолы да жете бермеген. Негізінен сап үшін ең тиімді ағаш – тобылғы. Оның бояуы, әдемілігі, беріктігі ерекше көз тартқан. Мұндай қамшымен қызға барған серінің абыройы артатын болған. Яғни қамшысына қарап-ақ оның әлекетін аңғарып отырған. Ал күнделікті тұрмыста, яғни мал шаруашылығында қолданылатын қамшылар дырау, дойыр қамшы деп аталады. Олардың өрім өзегіне темір, ұшына қорғасын орап өрген. Мұндай қамшының сабы жуан және қатты ағаштан жасалған. Бұл қамшының күштілігі сол, онымен қамшылағанда жылқы ғана емес, атан түйе, өгіз де жүріп кетеді екен. «Дыраумен бір тартқанда адамға шабатын бура да, көкжал қасқыр да орнынан тұра алмай қалған» деген дерек те бұған дәлел.

Тіл орнына қамшы сөйлеген

Қазақ қамшыны тек қол қаруы мен қорғану үшін ғана емес, тіл жетпейтін жерде қамшы арқылы тұспалдап отырған. Аталы сөзге тоқтап үйренген елде қамшының қолданылу аясы өте кең. Қолында қамшысы бар адам айбарлы көрінген. Ал аттылы адам қамшысын үйіргенде одан сескенбейтін жан болмаған. Ежелден баласының санын ашық айтпайтын халқымыз, шаңыраққа ілінген қамшыға қарап-ақ қанша баласы бар екенін білген. Қамшының безендірілуіне қарап неше ұл, неше қыз екенін аңғарған. Себебі қыздың қамшысы асыл тастармен көмкеріліп, көз тартарлықтай әдемі болған. Негізінен қамшы қайырылып ілінеді. Қамшының ілінуінің өзіне бар ақпарды сыйдырған халқымыздың даналығына шек бар ма?

Қамшының қадірі мен қасиетін нақтылайтын деректер жетерлік. Тарихтан сыр шертіп, солардың бірқатарына тоқталсақ, Қамшы бар жерде

Қамшыда қасиет бар

жын-шайтан болмайды деп есептеп, оны ер баланың бесігіне, кейіннен жатын орнына, төсегінің басына іліп қоятын болған. Ол жамандықтан қорғап қана қоймай, ер баланы рухтандырады деп сенген. Сондай-ақ ертеде жазасыз опық жеген адамдар ренжіткен адамның үйін қамшымен сабаған. Сонда ол үйден ырыс, береке кетеді деп болжаған.

Тәуке ханның тұсындағы «Жеті жарғы» заңында да қамшының өзіндік орны болған. Мәселесін шешуге келген жан өзі таңдаған бидің алдына қамшысын тастағанда, сол би төрелігін айтқан. Келісім-шарт жасайтын кезде де қамшыны ортаға тастаған. Ал қамшының сынуын қазақ жаман ырымға балаған. Мәселен, ғылым-білім қуып жүрген Шоқан Уәлихановқа әкесі «Бәрін таста, сұлтандыққа сайланасын» дегенде, ол ғылым жолын таңдап келісім бермеген. Сонда ызаға булыққан әкесі Уәлихан «Сен менің балам емессің» деп қамшысын сындырып лақтырыпты. Сол оқиғадан алты ай өткен соң Шоқан отыз жасында дүниеден өткен. Осыған ұқсас жайт Төлеген мен Қыз Жібекте де кездеседі. Төлегенді әкесі шақырып алып: «Бауырын Сансызбай жоңғармен соғысып ел қорғауда, ал сен әлі қыз қуып серуендеп жүрсің. Атастырылған қызды аласың» дейді. Сонда Төлеген Жібекті сүйетінін айтқан. Оны естіген әкесі Төлегенді қуып, өз қамшысын сындырған. Сол мезетте Төлеген Жібекке барып «Өзіңе жар тап, менің өмірім шектеулі» деген екен. Қамшының сынғанына қарап, өмірін болжаған Төлеген жеті күннен кейін өмірден өткен. Бұл оқиғалар мүмкін сәйкестік болар. Десе де, қамшының қасиеттілігін де жоққа шығаруға болмайды. Себебі ел аузында «Қамшының сабы сынса – қатын өледі, пышақ сабы сынса – күйеуі өледі» деген сөз де қалған. Қаралы хабарды сөзбен жеткізе алмай қиналғанда қамшыны қолданған.

Тәрбиелік мәні жоғары

Қамшының қазақ өмірімен біте қайнасканы сондай, оны ұстау мен қолданудың өзіндік ережелері мен

тәрбиелік мәні бар. Әдетте қамшыны оң қолмен, екі бүктеп ұстаған. Ал оның өрімін салбыратып ұстау дұшпандықтың, әдепсіздіктің белгісі саналған. Жөн, жол сұраған жанға саусақпен емес, қамшымен нұсқап көрсететін болған. Қамшыны сыйға тартқанда кісінің қолына ұстатпай, жерге тастайтын болған. Оның мәні – береке-құт бірге кетпесін, ұшығы жерде қалсын дегені. Ал қамшы ұрлау – қазақ үшін ең үлкен қылмыстың бірі болған. Сондай-ақ ата-бабамыз қамшы арқылы өзінің көзқарасын, ниетін, қарым-қатынасын білдірген. Осыған орай ел аузында «қамшысының ұшын да бермеді», «төбесіне қамшы ойнатты», «қамшысын білемдеді», «қамшының сабындай», «қамшы екі ұшты» деген тұрақты тіркестер әлі күнге дейін сақталған.

Дәстүрге дем берсек

Ата-дәстүрді берік ұстанған халқымыз болашақ ұрпақтың мықты болуын көздеп, қан тазалығы үшін жеті атаға дейін қыз алыспағаны мәлім. Шыққан тегіне қарап құда түсу арқылы ұл мен қыз шаңырақ көтерген. Осындағы басты дәстүрдің бірі – қамшы ілу.

Ұлына қалыңдық іздеген әкесі бойжеткен қызы бар әулеттерді іздеген. Болашақ құдаларының тегін білмекке ыждағаттылықпен сұрастырған. Ал қызы ұнап, сөз байласқысы келсе, үйдің оң жағындағы керегеге қамшысын іліп кеткен. Сол қамшыны көрген қыз да, өзін келін болуға дайындаған. Қамшының қалай жасалғанына қарап-ақ құда түскелі отырған әулеттің деңгейін болжаған. Салт бойынша қыз әкесі өз жауабын беруі тиіс. Егер қарсылық білдірсе, елші арқылы қамшысын қайтарып берген. Дәстүр «Қамшы қайтару» деп аталған.

Бұл дәстүрдің тағы бір нұсқасы бар. Онда алдымен жігіт қызды көруге келеді. Қыздың ата-анасы шаңырағына келген қонақтарды күтіп алып, шығарып салады. Сонда жігіт қызды ұнатса қамшысын кереге іліп кететін болған. Бұл «қыз ұнады, құда түсуге келеміз» деген белгі. Бұл дәстүрдің қамшымен байланысты болуында да мән бар...
Сонымен қатар, «Қамшы ойыны»

деп аталатын күрделі ұлттық ойын түрі болған. Қолынан қамшы түспейтін азаматтар арасында қамшыгерлік өнер де болыпты. Бұл не десеніз? Қамшыгер – қамшының көмегімен дүйім жұрт алдында өнер көрсететін адам. Төрт жақтан керілген өгіз терісін қамшымен бір тартқанда-ақ тіліп түсіру, ұрысжанжалда жауын қамшымен алу, қасқыр соғу – қамшыгердің абыройын арттырған. Қамшы ұл баланы «атқа мінітзу» тұрпында да басты құрал ретінде ат тізгінімен бірге ұсынылады. Балаға қамшы ұстату арқылы оның ер жеткенін сезіндірген. Тіпті жана түскен келіннің бетін үкілі, қоныраулы қамшымен ашатын кездер де болыпты.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, бұл күні аталған ғұрыптар кездесе қоймағанмен, жаңаша дамып, өзгеріске ұшырап қолданылып жүрген тұсау кесу рәсімінде қамшының өзіндік орны бар. Алғашқы қадамын басқан бүлдіршін ақ матаны жүріп өткен соң, оның алдына таңдау жасау үшін біршама зат қойылады. Оның қатарында кітап, ақша, қамшы да бар. Егер бала кітапты алса – данышпан, ақшаны ұстаса – бай, қамшыны таңдаса – ел тізгінін ұстайтын азамат болады деген ұғым қалыптасқан. Бұл ұлттық құндылықтың ұмыт қалмай қолданысқа енуі десек те болады.

Сондай-ақ қамшы – сыйлықтың төресі. Елуге дейінгі азаматқа тобылғы сапты қамшыны сыйласа, онан үлкендерге тұяқ басты қамшы тарту еткен. Ал емші-балгерлердің қамшысы саудаға салынбаған. Өйткені жын-шайтанды қуатын қасиеті бар қамшы өте құнды, бағалы деп есептелген. Оны емшілер өз ризашылықтары арқылы қалаған адамына сыйлаған. Қазір құрметті тұлғаға қамшы сыйлау сөнге айналуда. Дәстүрдің бұлай жаңғырғанына қуанбасақ, ренжи қоймасымыз анық. Бірақ, қамшының киесін біліп, қадірін түсінетін адам ғана ұстаса екен дейміз. Себебі, оны аяқ астына тастауға болмайды. «Қамшы ұл болсаң қолыңда, құл болсаң төбенде ойнайды» деген халқымыз қамшының құнын жақсы білген.

P.S: Түйін Қалай десек

те, қамшы көне жәдігерге айналып кетпеуі тиіс. Дала қазағының өмірінде өшпес ізі бар қамшының қасиетін біліп, құнын түсірмей – ұлтын сүйер әр азаматтың парызы. Көненің көзіне айналған құнды мұраны музейдің сәресінен емес, әр үйдің төрінен көрсек дейміз.

Ардақ СӘКЕНҚЫЗЫ

ЖИТС

құрбандарын еске алу

Жыл сайын мамырдың үшінші жексенбісінде дүниежүзінде ЖИТС-тен құрбан болғандарды еске алу күні өткізіледі, ЖИТС-тың таралуын тоқтату әлемдегі қоғамды АИТВ / ЖИТС-ті жұқтырған адамдардың проблемаларына назар аударту, жаңа инфекциялардың алдын-алу және АИТВ / алдын алу жұмыстарын күшейту жолымен өткізіледі. Осы аурудың білім деңгейін жоғарылату үшін профилактикалық жұмыстарды күшейту.Алғаш рет ЖИТС құрбандарын еске алу күнін 1983 жылы американдық Сан-Франциско қаласында атап өтті. Бірнеше жылдан кейін осы ауруға қарсы қозғалыс символы пайда болды., Өмірден өткен, құрбан болған көптеген адамдарды еске алу үшін ол киімге тағылатын қызыл лента болды, сондай-ақ түрлі-түсті кеңептер киізден жасалған киімдер. Бұл төлсіпаттарды суретші Франк Мур арқылы 1991 жылы ойлап тапқан. Қазіргі уақытта Бүкіләлемдік Жад Күні, ЖИТС-ның белсенділері осы іс-шараның қайтыс болғанына бей-жай қарамайтын адамдар киім-кешектеріне қызыл

ленталар тағады.Қазіргі уақытта ағзадан вирусты алып тастай алатын ешқандай дәрілік заттар жоқ,сондықтан АИТВ/ ЖИТС-нан наукасты толық емдеу мүмкіндігі жоқ, бірақ адамның инфекцияны тарату тұрғысынан қауіпті болып, өмір сапасын сақтап қалу үшін қандағы вирустың мөлшерін азайтатын препараттар бар. АИТВ инфекциясының таралуын шектеудің негізгі механизмі инфекцияның алдын алу болып табылады. Әр адам АИТВ-инфекцияны қалай жұқтыратынын, АИТВ-ның қай жерде және қалай тексерілетінін және АИТВ жұқтырудан қалай қорғану керектігін білуі қажет.Тек әр адам өзінің мінез-құлқын бақылап, өз денсаулығын дербес сақтай алады. АИТВ / ЖИТС туралы білу адамның АИТВ / ЖИТС -пен ауыратын аурудан қорғай алады, әсіресе, тұтастай алғанда халықтың денсаулығын сақтайды.

А.ЖАЙБЕРГЕНОВА,
АИТВ инфекциясының
алдын алу орталығы
Арал ПСК кабинетінің
дәрігері.

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Үзге

Өте ертеде қолы қарулы жігіт бір адамды байқаусызда өлтіріп қояды. Өлген адамның туыстары қазыдан «қанға-қан» үкімін сұрайды. Жігіт айтады: «Алыста тұрушы едім, жақындарыммен қоштасайын, қарыздарымды жабайын. Үш күнге мұрсат берсеніз», - дейді. Қазы көпшілікке қарап: «Бұған кепіл болатын адам бар ма?» - дейді. Ешкім үндемейді. Сол кезде бір қария шығып: «Мен кепіл боламын. Ол келмей қалса, мен жауап беремін». Ел-жұрт аң-таң. Өйткені бұл қария ана жігітті танымайды.

Арада үш күн өтеді. Уәделі күні елдің бәрі жаза алаңына жиналады. Әлгі кісі өлтірген жігіт жоқ. Жұрт біткен оның жолына қарап тұр. Бірақ ешкім көрінбейді. Ел «жігіт өтірік үзде берген екен, мына қарияға обал болатын болды-ау», - деп ойлайды. Бір кезде көпшілік алыстан кара терге түсіп жүгіріп келе жатқан жігітті көреді. Оның уәдесінде тұрғанына бәрі таң қалады. Жігіт айтады: «Елім алыс болғандықтан уақыттан кешіктім, бірақ бәріне үлгердім, енді өлімге дайынмын». Үздеден таймаған азаматқа ел риза. Жағдайға

қаныққан өлген адамның туыстары да «біз кешірдік» дейді.

Қазы көпшілік алдында өлім жазасы үкім етілген жігіттен: «Сен өлетініңді біле тұрып келдің, неге қашып кетпедің?». Ол: «Мен уәдемде тұрмасам, кейін мұсылмандар арасында уәденің құны жойыла ма деп қорықтым». Қазы қарияға бұрылып: «Сіз бұл адамды танымай тұрып неге кепіл болдыңыз?». Ақсақал: «Кейін мұсылмандар арасында уәдеге сенушілік әлсірей ме деп қорықтым», - депті.

ХАБАРЛАНДАРУ

Аманкелді ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы 2025 жылдың 16 маусым күні сағат 10:00-де Аманкелді ауылдық округі әкімдігі ғимаратында өткізіледі.

Қоғамдастық жиналысында келесі мәселе қаралады. 1.Аманкелді ауылдық округінен Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне көше атауын беру туралы.

Аманкелді ауылдық округінің әкімдігі ***

Қалжан ахун ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы 2025 жылы 17 маусым күні сағат 10.00-де Қалжан ахун ауылдық округі әкімдігі ғимаратында өткізіледі.

Қоғамдастық жиналысында келесі мәселе қаралады: 1. Қалжан ахун ауылдық округінен Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне көше атауын беру туралы.

Қалжан ахун ауылдық округінің әкімдігі

Бір кем дүние...

ӘЖІМ

Айнадағы бейне кейде адамның ішкі жан дүниесін көрсете алмайды. Жасы келіп қалған кейбіреулер беттеріндегі әкімді жасырып әлекке түсіп жүргені. Қарның ашады-ақ... Өзінің жасынан жасырақ көрінуге тырысатын әкімбеттер, жүректегі әкімді қалай кетірер екен.

БИ

Бір тылсым күш құйындай соғып кеп, ұзақ уақыт бойы тырп етпей жатқан жерінен жұлып әкеткені. Өзі икемсіздеу еді, бірақ әлгі леп оны дөңгелентіп билетіп ала жөнелді. Бұл да сол әсем ырғаққа елітіп, шыр

көбелек айналуын тоқтатқысы жоқ. Басы айналып, бақыттан жүзі бал-бұл жайнап, жүрегі дүрсілдей соқты. Көкірегін қуаныш кернеген күйі күлімдеп, соңғы демін алған еді...

ОЙЫН...

Өмір қайнаған тіршілікке толы... Адам үшін күрес. Айналадағы адамдармен жылы сөйлесу сүннет. Әр пенденің тағдыры сан алауан. Білімді қажет етпейтін ортада білімсіздер білегін сыбанып, орынтағында шалқалап отыр. Білмесе де білгендей кейіп танытып, шын білімдінің төбесінде ойнайды.

З.ҚОЖА

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егинибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта терікеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001:2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №102

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/